

## Ә ҢІРЛІК ЭКОНОМИКАДА ИНВЕСТИЦИЯНЫ ДАМУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОЛДАРЫ

Ыхласова Сымбат Сансызбайқызы Студент, Қазақ  
инновациялық гуманитарлық - заң университеті, Семей қаласы  
Ғылыми жетекші - э.ғ.к., Зиядин Саябек Тәттібекқылы

Индустриялық-инновациялық даму – бұл біздің жаңа  
онжылдықтағы міншілігіміз, ел дамуы үшін жаңа міндіктер.

Н.Ә.Назарбаев Экономика ғылымы инновацияны жекелеген мемлекеттердің ғана емес,  
тас жаһандық экономиканың дамуын айқындайтын аса маңызды элементтердің бірі  
ретінде қабылдайды. Бұл жағдай ең алдымен «инновация» деген ұғымның өзін  
нақтылайтын суді талап етеді. Инновация – жаңа тауарларды, жаңа өндірістік құралдар мен  
технологияларды, өнеркәсіпті ұйымдастырудың жаңа әдістерін ендіру мен қолдану  
мақсатында жасалатын

және нарықтық табысқа жеткізетін өзгерістер.

Инвестиция дегеніміз – табыс алу мақсатында кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлері,  
объектілері, ақша қаражаттар технологиялар, машиналар, жабдықтар, тауарлық белгілер,  
несиелер, басқа да міндік құқықтық интеллектуалдық құндылықтар. Әңірлік экономикада  
инвестицияны дамытудың инновациялық жолдарын іске асыруда көптеген алғышарттар  
орындалып жатыр. Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі № 320  
Жарлығына сәйкес Нкіметке Семей қаласында орналасқан «Ертіс» Әлеуметтік-кәсіпкерлік  
корпорациясы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамын құру тапсырылған. «Қазақстан  
Республикасы Президентінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі № 320 Жарлығын іске асыру шаралары  
туралы» Нкіметтің 2007 жылғы 11 мамырдағы № 376 қаулысының тапсырмаларын орындау  
мақсатында облыс әкімдігі коммуналдық меншіктегі нысандарға тінгендеу жн ргізді, оның  
барысында 35 жылжымайтын міндік нысаны анықталды, оның 30-ын ӘКК беруге ұсынылды.  
Алаңдары мен шекараларын анықтай отырып, жерлерге камералық тінгендеу жн ргізді, оның  
нәтижесінде облыс бойынша 11 миллион 5 мың 314 га жер, соның ішінде 629,2 га жерде елді  
мекендерде құрылыс салынбаған, 2 миллион 648 мың 376 га жер арнаы жер қоры санатына  
жатады. Тінгендеу нәтижелері Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігіне  
жіберілді. ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік міндік және жекешелендіру комитеті 2007  
жылғы 15 маусымда «Ертіс» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» Ұлттық компаниясы»  
акционерлік қоғамын құру туралы» бұйрық шығарды.

Құрылған акционерлік қоғам қызметінің негізгі мәні мемлекеттік және жеке меншік  
сектордың кн ш-жігерін біріктіру, кластерлік бағыт негізінде бірыңғай экономикалық рынок  
құру, инвестициялар мен инновациялар тарту үшін оңтайлы экономикалық орта  
қалыптастыру, өзгерістердің әлеуметтік дамуына бағытталған бағдарламаларды әзірлеуге және  
іске асыруға қатысу, сондай-ақ пайдалы қазбаларды барлау, өндіру, қайта өңдеу арқылы

Шығыс Қазақстан облысының экономикалық дамуына ықпал ету. Шығыс Қазақстан облысындағы инвестицияны дамытудың инновациялық жолдарын іске асыру біздің алға қойып отырған мақсаттарымыздың бірі. Оның негізінде бұл Президенті әлемнің барынша бәсекеге қабілетті елу елінің қатарына кіру мақсатын қойып отыр. Жаңғыртуларсыз, жаңа технологияларсыз және тұрақсыз инновацияға екпін бермейінше бұл мақсатқа жету мүмкін емес. Әрі мұны бәрі танып отыр. Егер әлемдік тәжірибеге көз салсақ, нақ осы инновация дамыған мемлекеттер экономикасын әсірудің негізгі құралы болғанын көруге болады. Дамыған елдердің экономикасының негізсіз алға басуы әрдайым осы саланы немі қолдап-қуаттайтын және ынталандыратын саясаттың арқасында мүмкін болып отыр. Бұл саясат ел экономикасының бұзылып-жарып алға шығуын қамтамасыз ететін озық технологияны, басқарудың жаңа тәсілдерін, ғалымдар мен әнертапқыштардың ойлап шығарған жаңа дүниелерін тез әндіріске енгізіп отыруға бағытталған.

2010 жылы Шығыс Қазақстан облысының атқарушы органдарының қызметі стратегиялық құжаттарда, «Жаңа он жылдық-жаңа экономикалық әрлеу-Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жолдауында, мемлекет Басшысының облысқа жасаған сапары барысында берген тапсырмаларында белгіленген мемлекеттік саясаттың басым міндеттерін орындауға бағытталған еді.

Елімізде жедел индустриалдық-инновациялық даму, жұмыспен қамту стратегиясын іске асыру мәселелеріне негізделген.

Әңірлік бағдарламаларды іске асыруды, әңірді дамытудың маңызды мәселелерін шешуді бақылау барлық 19 қалалар және аудандар бойынша облыс әкімінің жұмыс барысы аясында жүзеге асырылды. Есептік жылы халықпен 190 кездесу әткізілді, ол кездесулерге 37 мыңнан артық адам қатысты. 245 елді мекендерде 472 нысанды, соның ішінде 134 білім нысандарын, 36 емдеу ұйымдарын, 46 мәдениет нысандарын, 36 әнеркәсіп, орта және шағын бизнес, 68-тұрғын үй коммуналдық шаруашылық және 152 басқа нысандарды аралады.

2010 жылғы облыстың әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары тұрақты экономикалық тенденцияның сақталуын көрсетеді.

2010 жылға қойылған міндеттер негізінен орындалды.

Жалпы әңірлік әнім көлемі 8,7% әсіммен есеп бойынша 1070 млрд. теңгені құрады. Аталған көрсеткішті қалыптастыруға негізгі негізгі әнеркәсіп әндірісі – 30%, сауда – 13,8%, көлік – 7,1%, ауыл шаруашылығы – 6,7%, құрылыс – 5,7% қосты. Облыс әнеркәсібінде 624 млрд. теңге сомаға әнім әндірілді, 2009 жылдың деңгейінен 29% көп. Табиғи көлем индексі 108,6% құрады. Әндеу әнеркәсібінде 29% әсіммен 450 млрд. теңге әнім әндірілді. Тау кен әндіруде – 32% әсіммен 113 млрд. теңге әнім әндірілді; электрмен жабдықтау, газ, бу беруде

– 17% әсіммен 52 млрд. теңге; сумен жабдықтау, кәріз жүзесінде 9,2 млрд. теңге немесе 2009 жылғы деңгейден 1,6 есе көп.

Алтынның 22%-ға, қорғасынның 17%-ға, тас көмір 9%-ға әндіру мен әндеу көлемі әсті, жеңіл автокөлігі әндірісі 4,2 есе әсті.

Облыс республика бойынша индустриялық-инновациялық даму жобаларын қаржыландырудың көлемі бойынша алдыңғы орындарда тұр. Осылайша Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күні қарсаңында «Қазмырыш» ЖШС мыс балқыту және электролизді зауыты ірі жобасы іске қосылды.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы экономиканың әсуі мен капиталдың қорлануының негізгі көрсеткіші - негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар көлемінің әсумен сипатталатын экономикалық әсу негізінің дамуын көрсетеді. Мемлекеттік инвестицияларды тиімді пайдалануға, ішкі жинақ ақшаны жұмылдыруға, тікелей отандық және шетелдік инвестициялар танымін ынталандыруға бағытталған Қазақстан Республикасы Негізгі кіметінің жоспарланған бағдарламасын іске асыру - болашақта инвестициялық қызметте оң негіздерді сақтауға мүмкіндік береді.

Негізгі күні әңірде инвестицияны дамытудың инновациялық жолдарын іске асыруда біршама жұмыстар басталды. Атап айтқанда жуықтағы он жылда Шемонаиха ауданында құрамында металдары жоғары Артемьев кеніші (жылына 2 млн. тонна), Аягөз ауданында

Ақтоғай және Айдарлы мыс кеніштерін өңдеу жөніндегі, қуаты жылына 50 млн. тонна кен өндіретін аса ірі карьер толық қуатқа көшірілетін болады, Қостанай облысында мырыш рудалар кенішін өңдеу жөніндегі «Шаймерден» карьері іске қосылды, бұл «Қазцинк» АҚ-на қосымша жылына 60 мың тоннаға дейін металл мырыш алуға мүмкіндік береді, Әскемен қаласында қуаты жылына 70 мың тонна тазартылған мыс шығаратын мыс балқыту-электролиз зауытының құрылысы басталды, тантал және бериллий өнімдері өндірісі кезінде технологиялық қажеттіліктер үшін плавик қышқылын алу үшін «НМЗ» АҚ іске қосқан Қаражал флюорит кенішіндегі қуаты жылына 100 мың тонна руда байыту фабрикасы осылардың негізінде прокат өндірісін игеруге, сондай-ақ ядролық өндірістің толық циклін құра отырып жобаларды игеруге, республикаға уран өнімдері рыногында алға шығуға мүмкіндік беретін инновациялық технологияларды енгізуге мүмкіндік береді.

«НЛБІ металлургия зауыты» АҚ өнеркәсіптің ғылымды қажет ететін салаларының бірі

– атом энергетикасы кәсіпорны ретінде аса қажет тантал құрылғыларын өндіруді құрайтын жөніндегі жобаны іске асыруда. Шығаруға жоспарланып отырған жаңа құрылғының тантал өнімі электрондық өнеркәсіпте пайдаланылатын болады. Өндіріс технологиясы зауыттың өз әзірлемелеріне негізделген. Жоба инновациялық технологиялар енгізіле отырып іске асырылуда, өндіріс жоғары технологиялық өндіріс болып табылады.

Реакторлық қолдану үшін бериллий бар материалдар шығару болашақта термиядролық энергетика үшін жоғары технологиялық материалдар алуға мүмкіндік береді.

Екінші құрылғының ядролық реакторлары үшін уран гексофторидін, сондай-ақ жылу бөлуші құрылғыларды шығару жөніндегі жобаларды іске асыру Қазақстанда ядролық отын өндірісінің толық циклін құруға мүмкіндік береді.

«Әскемен титан-магний комбинаты» АҚ жоғары қосылған құрылымы бар, 4 рет жасалған экспортқа бағытталған жоғары технологиялық өнім шығаруға бағытталған жобаны іске асыруда. Қазіргі уақытта зауытты жобалау аяқталып, жабдықтары сатып алуға келісім-шарттар жасалуда. Жобаның құны 8 млрд. теңгеден асады. Негізгі шығарылатын өнім титанның алюминиймен және ванадиймен құрамы, таза титан құрамы болмақ. Жобаны іске асыру нәтижесінде өндірістің толық біріктірілген циклі құрылады.

Мұнай өндіру (көлік) компаниялары үшін құбыр тірек арматурасы мен мұнай өнеркәсібі жабдықтарын шығаратын Әскемен арматура зауыты кең номенклатуралы бәсекеге қабілетті өнім шығаруды, қазіргі заманғы техника сатып алу арқылы өндірісті жаңартуды және озық технологияларды енгізуді белгілеп отыр. Өндірісті одан әрі дамыту мақсатында «Востокмашзавод» АҚ-да бұл құрылау сайманы учаскесін техникалық қайта жарактау жоспарлануда, бұл шығарылатын ассортименті мен сапасын арттыруға ықпал етеді. Сондай-ақ литейлік өндірісті кеңейту, соның ішінде ірі габаритті құрамыларды игеру жоспарлануда. Әскемен конденсатор зауыты жаңадан сатып алынған импорттық жабдықта өнеркәсіптік және тұрғын үй құрылысы үшін электр қалқаны өнімін өндіру жөніндегі жұмыстарды бастады, ал ағымдағы жылдың соңына қарай жаңа байланыс конденсаторлары мен электрометрикалық конденсаторларды өндіру жөніндегі жобаны аяқтау болжануда.

Семей қаласында «DAEWOO Kazakhstan Bus» ЖШС BS090 модельді шағын класты қалалық және қалааралық автобустар шығаруды, «Электро Строительная корпорация» АҚ қуаты жылына 50 млн. данаға дейін керамикалық кірпіш шығаруды жоспарлап отыр. «СемАз» ЖШС ПАЗ автобустарын шығару жөніндегі қуаты жылына 2500 бірлік автомобиль құрастыру зауытын құру жөніндегі жобаны іске асыруда. «Ар-Ман» ЖШС Шорское кенішінде молибден флотация концентратын өндіру жөніндегі, жылына 650 мың тонна сульфидтік кен өңдейтін байыту фабрикасының құрылысын жүргізу жөніндегі жобаны іске асыруда.

Ламинатталған сәрек-жаңқалы тақталар өндірісін құрайтын және сәрек пен қалдықтарды терең қайта өңдеу жөніндегі кешенді ағаш өңдеу кәсіпорнын құру жөніндегі инвестициялық жобалар бар.

Жарма ауданында «Холдинг-Казахцемент» БК мен «Казахцемент» ЖШС – екі цемент зауытының құрылысы басталды.

Курчатов қаласында мемлекет қаражаттары есебінен «Ядролық технологиялар паркі» салалық технопаркі құрылуда, оның да болашақта Орта Азия әңірінде ядролық физика негізіндегі жоғары технологиялардың пайда болуының бірегей орталығына айналары шн бәсіз.

Индустриялық-инновациялық сипаттағы бірқатар ірі және орта жобалар бар, олардың бір бөлігі дамыту институттарында пысықтау сатысынан әтуде, кейбіреулері қазірдің әзінде қаржыландырылуда. Осы салада жұлмыс тұлрақты жн ргізілетін болады.

Шынында да біздің бағытымыз бойынша Шығыс Қазақстан облысындағы инновациялық-инвестициялардың жетілдіру жолдары әзекті мәселе болып отыр. Соңғы н ш жыл ішінде «Ілттық инновациялық қор» инновациялық жобаларды қаржыландыруға арналған 70-тен астам әтініш қарады, бұл ретте 9 инновациялық жобаны қаржыландыруға мақұллада және қаржыландырды. Осылайша, бн гінгі кн ні «ІІ ИҚ» АҚ-ның инновациялық жобалар қоржыны 3,2 млрд. теңге жалпы сомасына 9 инновациялық жобаны құрайды. Сонымен бірге, «ІІ ИҚ» АҚ тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерге (ТКӘ) де қаржыландыру ұсынатындығы мен осы бағыт бойынша «ІІ ИҚ» АҚ-ға дәл сол кезеңге 87 ТКӘ жобаларын қарастыруға келіп тн скендігін және 7 ТКӘ жобалары қаржыландырылып отырғандығын атап әткен жән. Цифрларынан кәріп отырсыздар «ІІ ИҚ» АҚ-ға жобалардың кәп келіп тн сіп отырады, алайда олардың ішінде инновациялық құраушылардың болмауы себепті не болмаса жобаны коммерцияландырудың әлеуетті мн мкіндігінің болмауына байланысты қаржыландыру сатысына дейін жететіндері әте аз. Кез келген жаңалық оның технологиялығы мен инновациялығынан басқа коммерциялық тартымдылық пен нарықтағы құранысқа да ие болуы тиіс қой.

Мемлекет басшысы Нұлрсұлтан Назарбаев жақын бес жылдыққа 7 басымдылықтарды айқындады. Ол – АӘК дамыту және ауылшаруашылық әнімдерін қайта әңдеу, құрылыс индустриясы және құрылыс материалдарын әндіру, мұнайды қайта әңдеу және мұнай-газ секторының инфрақұрылымы, металлургия және дайын металл әнімдерін әндіру, химия, фармацевтика және қорғаныс әнеркәсібі, жеке энергетиканы қоса отырып, энергетика, кәлік және телекоммуникация инфрақұрылымы. Негізгі басымдылықтардың бірі – жел кн шін және кн н сәулесін пайдалану есебінен жаңартылған энергия кәздерін дамыту болып табылады. Президентке тікелей желіде Қазақстанда баламалы энергетиканың перспективалары бойынша сауал қойды. Осыған байланысты, қазір Индустрия және сауда министрлігі ел энергетикасы саласындағы инновациялық ынтымақтастық туралы мәселені пысықтауда екендігін атап әткім келеді. Жел электр стансаларының құрылысын ұсынатын шетел компанияларының әкілдерімен бірқатар кездесулер әткізілді.

Отандық инновациялық әлеуеттің дамуына теріс әсер ететін негізгі мәселелер тәмендегілер болып табылады:

Біріншіден, технологиялар мен әнімдердің кәптеген ғылыми әзірлемелерінің аяқталмауы, олардың әндірістің нақты секторынан «қол нзуі» және тиісінше осылардың барлығы әлеуетті әріптестер алдында ұсынылған технологиялардың (немесе әнімдердің) бағасын тн сіреді;

Екіншіден, осы проблеманың туындауы – технологиялық жаңашылдықтарды енгізудің және оларды нарыққа шығарудың қазіргі заманғы құралдардың болмауынан деп ойлаймын. Нарықтық жағдайларда жаңашылдықтарды игеру тетіктерінің нарықтық шарттарында жоғары тәуекел тән қасиет болатын, бірақ табыс жағдайында жоғары жоғалтулар болатын шағын инновациялық бизнеспен нздіксіз байланысты. Дамыған экономикаларда шағын инновациялық кәсіпкерлікті дамыту н шін қажетті жағдайлар (инфрақұрылым) құруды қамтамасыз ететін халық шаруашылығының ерекше секторы қолданылады;

Ншіншіден, бізге технологиялық парктерді және мамандандырылған бизнес-инкубаторларды және ғылыми ортамен, әндірістің нақты секторымен әзара байланысты арнайы қаржылық саланы дамыту қажет.

№	Мәселелер	Шешу жолдары	Нәтиже
1	Инновациялық-инвестициялардың жеткілікті игерілмеуі	Қазақстан нарығында ШҚО бойынша инвестиция тартуға инновация шараларын қолдану	Әкімімізде дәрежесі жоғары кинотеатрлар, технопарктер және де басқа да салалардың дамуына жол ашады
2	ШҚО инновациялық-инвестиция тарту бойынша мамандардың жетіспеуі	Қазақстан Президентінің «Болашақ» бағдарламасы бойынша бітірген мамандарды ШҚО шоғырландыру	Сапасы білімді мамандар командасы құрылады
3	Әлеуметтік салаларды инвестициялауға инновациялық технологиялардың қарастырылмауы	Әлемдегі жаңа модельді қолдану-жабдықтармен дер кезінде қатмасыз ету	Дербес озық технологиялық база пайда болады

Ескерту: автор әзірші қол жазған

Төртіншіден, бізде ішкі нарықта озық технологияларға және әнеркәсіп жаңашылдықтарына деген төлем қабілеті жоқ. Ғылым және ғылыми-техникалық қызмет қызметтер саласына және осы қызметтер нарыққа қол жеткізілуіне болуы тиіс. Әкімімізге орай, ғылыми қызметтер мен ғылыми әдістердің отандық нарығы қазіргі уақытта өте аз. Қол жеткізген кәсіпорындардың ғылымның жаңа жетістіктерін «сатып алуға» мүмкіндіктері жоқ. (Кесте 1)

Кесте 1 – Инновациялық әлеуеттің дамуына теріс әсер ететін мәселелер мен шешу жолдары

Сонымен қатар, инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген және бірқатар нормативтік-қолқылық актілер қабылдауды іске асыруда «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бірнеше нысандарда қол жеткізіледі.

2011 жылдың міндеттері:

- әкімнің энергия өнімдеу бойынша кешенді жоспарын әзірлеу;
- электр энергиясын 8150 млн.кВт сағатқа өндірілуін қолдау;
- әкімнің су-энергетикалық балансына сараптама өткізу;
- энергия өнімдеу әдістерінің бірі ретінде энергияның балама көздерін (жылу қондырғысы, жел және кен қондырғылары) енгізуді қамтамасыз ету;
- 25 көпқабатты үйлерді терможаңғырту бойынша пилотты жобаларды іске асыру (Әскемен – 10 үй, Семей қ. – 10 үй, Риддер қ. – 5 үй);

«Аққол» бағдарламасы бойынша сумен қамту объектілерін салу және қайта жаңартуға бағытталған жобаларды іске асыруды жалғастыру және 80%-ға дейін халықты ауыз сумен қамтамасыз ету;

Нормативтік эксплуатациямен қамтамасыз етілген кондоминимум нысандарының өлшемін 8,5%-ға дейін, коммуналдық қызметтер сапасымен қанағаттандырылған үй тұрғындардың өлшемін 59%-ға дейін жеткізу, үй қоры жағдайының және коммуналдық қызметтер инфрақұрылымының жақсаруына жаңартылатын бірыңғай мәліметтер базасын құру;

– электрмен, сумен және жылумен қамтамасыз етуде қызмет көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің орта мерзімдік және ұзақ мерзімдік тарифтерге ауысуын қамтамасыз ету;

– Семей қаласын абаттандыру бойынша қала және аудан әкімдіктерімен бірлесіп жұмыстарды жүргізуді қамтамасыз ету;

– Семей қаласында ЖЭО-1 су жылыту қазандығы және №7 қазандықтың құрылысын аяқтау;

– Курчатова қаласында №4 қазандыққа қайта жаңғыртуды өткізу;

– Риддер қаласында «Риддер ТЭО» АҚ негізгі қорларды жетілдіруге, қазандық агрегаттары мен жылу жн йелерін қайта жаңғыртуға инвестициялар салуды қамтамасыз ету;

Автомобиль жолдары және жолаушы көлігі Облыс бойынша жол-жөндеу жұмыстарын қаржыландыру көлемі 17,3 млрд. теңге,

өткен жылғымен салыстарғанда деңгейі 41% өсті, бұл ретте 569 км автомобиль жолдары жөндеді, 69 жасанды құрылыс қалпына келтірілді.

Маңызды жобалар ішінде Осин өткеліне дейінгі автожолға кн рделі жөндеу жұмыстары, Көгілдір бұлғаз базасына әкелетін жолды қайта жаңғыртуды бастау, облыс аумағы бойынша Омск-Майқапшағай халықаралық трассасын қайта жаңғыртуды бастау, Таскескен-Бахты республикалық маңызы бар автожолды қайта жаңғыртуды жалғастыру болып табылады.

22 көпір қалпына келтірілді: ірілерінің арасында Қарағанды-Аягөз-Боғаз республикалық маңызы бар жолдағы 2 көпірді атай кетуге болады, сондай-ақ Нұрлы, Қарғыба, Тассай, Қарақоба өзені арқылы көпірлер, Қарагужиха ауылындағы көпірдің құрылысы.

Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарының бейнепаспорттау жн йесі енгізілді. Қысқы кезеңде жолдарды құрау үшін қар тазалау техникасының 730 бірлігі қолданылады. 2010 жылы жол техникасының 50 бірлігі сатып алынды.

Облыстағы барлық көлік түрлерімен (теміржолды есепке алмағанда) 1 272,7 млн. адам тасымалданған, ал жолаушы ағымы 11 500,7 млн. жкм. құрады, 2009 жылғы жағдаймен салыстырғанда 11,6%, 16,7 % сәйкесінше артық.

2011 жылға арналған міндеттер:

- шамамен 305 шақырым автожолды, 4 көпірді, 1 жол көрсеткішті жөндеу;

- Омск-Майқапшағай халықаралық трассасын, Таскескен-Бахты республикалық маңызы бар автожолды қайта жаңғыртуды жалғастыру, Барлық-Арасан – Алакөл көлігі автожолына жөндеу жұмыстарын бастау, Барлық-Арасан-Алакөл көлігі, Қалбатау-Семей, Семей-Қайнар автожолдарының жөндеуін бастау, Семей-Әскемен, Ақсуат-Бөкей-Қарасу автожолының кн рделі жөндеу;

- өңірдің машина жасау кәсіпорындарының аясында шығарылатын тиісті аспалы құрылысмен облыстың жол техникасы паркін қамтамасыз ету;

- инновациялық технологиялар мен ғылыми зерттемелерді енгізу арқылы жол-жөндеу жұмыстарының сапасын бақылауда мемлекеттік реттеу және мониторинг тәсілдерін жетілдіру болып табылады.

Қазіргі кезде Шығыс Қазақстан облысында инвестицияны дамытудың инновациялық жолдары біздің әлеуметтік-экономикалық дамуымыздың негізгі алғы шартына айналып, өңіріміздегі жобаларды табысты іске асырудың басты себебі болып отыр. Инвестициялар кез

– келген құрылымдық экономиканың маңызды да қажетті қоры болып саналады. Инвестициялық жобаларды іске асыру өндірісті жетілдіріп, сатылатын тауарлардың сапасын арттыру онымен қоса жұмыс орындарының көбейіп, тұрғындарды еңбекпен толығымен қамтамасыз етуге, сөйтіп халқымыздың өмір деңгейінің өсуіне мн мкіндік береді.

Бүгінгі таңда негізінен ғылыми-техникалық прогреске байланысты экономикаға тиісті көбірек айтылып жн ргені болмаса, инновация әлеуметтік салада да, руханият саласында да, саясатта да, өнер мен мәдениетте де орын ала алады. Сонымен, өңірімізде жн ргізіліп жатқан инвестициялық процесті экономикалық пайда кіргізіп, әлеуметтік саланың өркендеуіне жағдай жасайтын қызмет деп қарастыруымыз керек.

Әдебиеттер:

1) М.В Ивошин «Инвестиция. Организация управления и финансирования» //Москва. 2000.- 50-61 б.

2) Аналитическая информация о состоянии рынка ценных бумаг Республмкия Казахстан // Рынок ценных бумаг Казахстана N1 - 2006.- 9-11 б.

3) Бочаров В.В. —Современный финансовый менеджмент|| Москва Санкт-Петербург, Нижний Новгород Воронеж Ростов-на-Дону Екатеринбург, Самара Новосибирск Киев-Харьков. Минск. 2006. -106-121 б.

- 4) [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
- 5) [www.akim.vko.gov.kz](http://www.akim.vko.gov.kz)